№61 Келісім -шарт

Сарыағаш қ. «04» шілде 2014 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын **«Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі»** ММ атынан Ереженің негізінде іс-қимыл жасайтын бөлім басшысы **Бижанов Ғабит Орынбасарұлы**, бір тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын **«СБМ и Компания»** ЖШС-і атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор **Сыдыкова Бекзада Малдыбекқызы,**екінші тараптан, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы негізінде және 2014 жылғы 01 шілдедегі «Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының автомобиль жолдарын ағымдығы және орташа жөндеу» электрондық конкурс № 696705-2 қорытындылар жайлы хаттамаға сәйкес, осы келісім-шартты (бұдан әрі – Келісім-шарт) төмендегілер туралы жасасты:

1. Мемлекеттік сатып алуда ұйымдастырушы және тапсырыс беруші – коды 485 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 045 «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бағдарламасы, 000 «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» кіші бағдарлама, 159 ерекшелік «өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» бойынша «Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының автомобиль жолдарын ағымдығы және орташа жөндеу» жұмыстарының төмендегі тізбесі бойынша:

№ 3 лоты, жалпы соммасы – **2 118 771,20 (Екі миллион бір жүз он сегіз мың жеті жүз жетпіс бір теңге, 20 тиын)** теңгеге атқарады. Оның ішінде «Сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушіге аудару шығындары ҚҚС-ы – **227 011,20 (екі жүз жиырма жеті мың он бір теңге, 20 тиын)** теңге және Мердігердің жұмыстарды орындауына байланысты әр айда төленетін болады.

Келісім шарттың жалпы бағасы - **2 118 771,20 (Екі миллион бір жүз он сегіз мың жеті жүз жетпіс бір теңге, 20 тиын)** теңге.

2. Осы Келісім-шартта төменде санамаланған ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) «Тапсырыс беруші» - «Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і;

2) «Мердігер» – **«СБМ и Компания »** ЖШС-і;

3) «Қосалқы мердігер» - Келісім-шарт бойынша Мердігермен учаскеде (нысанда) жұмыстардың бір бөлігін орындауға шарты бар адамды немесе ұйымды білдіреді.

4) «Инженер» - мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған адамды білдіреді;

5) «Нысан» - **ОҚО Сарыағаш ауданы Қапланбек а/о Қанағат е.м. Ынтымақ көшесінің жол жабындысын ағымдағы жөндеу**.

6) «Учаске» - жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақты білдіреді.

7) «Келісім-шарттың бағасы» - жалпы сомасын білдіреді.

8) «Келісім-шарт» - осы Келісім-шарт. Келісім-шартқа қол қойылғаннан кейінгі, барлық толықтырулар мен өзгерістер тараптардың қосымша келісім қабылдау жолымен жасалуы мүмкін, егер осы Келісім-шартқа өзгеше көзделмесе. Келісім-шарт Тапсырыс беруші мен Қосалқы мердігер арасындағы қандай да бір шарттық қатынастарды қалыптастыратындай түрде түсіндірілуге тиіс емес;

9) «Уақытша ғимараттар» Мердігер Нысандағы жұмыстарды орындағаннан кейін Шарт бойынша салу, орнату және жинау жұмыстарын орындауға қажетті барлық уақытша ғимараттар мен ғимараттарды білдіреді;

10) «Материалдар» - Шарт бойынша жұмысты орындау үшін Мердігер мен Қосалқы мердігер пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді.

11) «Жабдықтар» - Мердігер мен Қосалқы мердігердің Кеілісм-шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін учаскеде уақытша тұрған барлық машиналары мен тетіктерін білдіреді.

12) «Жұмыстарды жалғастыру мерзімі» жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес.

13) «Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар.

14) «Ақаулар» - жұмыстардың Келісім-шарт ережелерін бұзып орындалған жұмыстардың бөлігі.

15) «Шалалықтар мен ақауларды жою кезеңі» - жұмыстардың орындалуын тексеру үдерісінде табылған шалалықтар мен ақауларды жою кезеңі.

16) «Заң» - Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы.

3. Төменде санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Келісім-шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Келісім-шарт;

2) сатып алынатын жұмыстардың тізбесі;

3) сметалық құжаттама;

4) келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету;

5) жұмыс өндірісінің кестесі;

6) нысанға арнайы техникалар мен жабдықтарды жұмылдыру кестесі;

7) инжнермен келісілген жұмыс жоспары.

4. Мердігер осы Келісім-шартта қарастырылған барлық жұмыстарды күнтізбелік тізбеге сай орындауды міндеттенеді. Мердігер жұмыстарды айлық лимиттерге бөлінген шекте орындауы тиіс.

5. Келісім-шарт мемлекеттік тілінде жасалады. Келісім-шартқа қатысты тараптар алмасатын барлық хат алмасу мен басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

6. Келісім-шарттың құқықтық нормалары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері болып табылады.

7. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға байланысты сұрақтар бойынша ресми қатынастардың қағаз жүзінде ғана күші болады.

8. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермейтін талабы жағдайында мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

1) тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге берілетін бағаны және тиісінше шарттың сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісуі бойынша;

2) егер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қабылданған осындай өзгерістің сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында сатып алынатын тауарлардың, көрсетілген қызметтердің көлеміндегі қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты шарттың сомасын азайту не арттыру бөлігінде жол беріледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты осындай өзгертуге осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделген соманың шегінде жол беріледі;

4) егер өнім беруші тауарды мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шартты орындау процесінде тауар бірлігіне берілетін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында, онымен жасалған тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың нысанасы болып табылатын тауарды берудің неғұрлым үздік сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларын немесе мерзімін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда өзгерістер енгізуге жол беріледі.

5) Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасының өзгеруінен туындаған аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) жылдағы (жылдардағы) жұмыстарды орындау шартының сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде;

6) аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) жылдағы (жылдардағы) жұмыстарды орындау туралы шарттың сомасын азайту бөлігінде;

7) мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру жасалынған шарт сомасының өзгермеуі немесе сметалық жұмыстардың азаюы шартымен өзгерген жағдайда және кейіннен мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, жұмыстарды орындау туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

8) тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің лауазымды адамына қатысты шартты орындаумен байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда, жұмыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде жол беріледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа мемлекеттік сатып алу шарттарының және (немесе) Өнім беруші таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін өзгерістерді осы тармақта көзделмеген негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9. Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатымен, Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен тиісті қаржылық жылға жоспарланған барлық мердігерлік жұмыстардың жалпы көлемінің 2/3 бөлігінен аспайтын Келісім-шарт жасаса алады. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді.

Мердігер Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартқан жағдайда, Мердігер қосалқы мердігерлік келісім-шарт жасасқанға дейін қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болуы міндетті. Мұндай рұқсатты алу үшін Мердігер Тапсырыс берушіге жұмысты беруге жоспарланған көлемі мен тізімін көрсетіп, қосалқы мердігерлік ұйымның қосалқы мердігерлік жұмысты орындауға лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесін қосымша жолдай отырып, ресми сұрату жібереді.

Тапсырыс беруші қосалқы мердігерлік ұйымнан қосалқы мердігерлікке берілген жұмыс көлемін орындауға арналған соңғы біліктілік талаптарына сәйкестігін растау мақсатында басқа да құжаттарды сұратуға құқылы.

Мердігер мен Қосалқы Мердігер арасындағы Қосалқы мердігерлік келісім-шарттың міндетті талабы Қосалқы мердігерлік келісім-шартта қарастырылған Қосалқы мердігерлікті үшінші тұлғаға беруге тыйым салу болып табылады.

10. Учаскеде қосалқы мердігерлер бар болса, Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отыруы тиіс.

11. Мердігер негізгі қызметтерге біліктігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды.

Бұл адамдарды басқасына ауыстырған кезде Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтерде берілген қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

12. Егер Тапсырыс беруші және/немесе Инженер Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкерлері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Нысанда жұмыстарды орындаудан аластатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай тұлғаны Нысаннан 72 (жетпіс екі) сағат ішінде кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешкандай байланыска ие болмауы тиіс.

13. Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне шығындар немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және Келісім-шартты орындау ағымында және салдардан туындайтын барлық қауіп-қатерлер үшін жауапты болады.

14. Тапсырыс беруші мына қауіп-қатерлерден басқасы үшін жауапты болады: соғыс, көтеріліс, төңкеріс, азаматтық соғыс, бүлік, тәртіпсіздік қауіп-қатерлері үшін (егер онда Тапсырыс берушінің жұмысшылары қатысқан болса). Сонымен қатар Тапсырыс берушінің ықтималы болып Шартқа отыру кезінде Мердігерге белгісіз топырақты улы және жарылғыш заттармен бүлдіру және бұл табылғандар Шарт бойынша жұмыста орындауға тікелей әсер ететін болса табылады.

15. Тараптардың әрқайсысы олардың бірлескен іс-қимылдары немесе кемшіліктерінің нәтижелері болып табылған шығындар бойынша шығындар, шығыстар және талап-арыздар, адамдардың денсаулығына залал келтіргені және өлімі үшін жауап береді және оларды басқа тарапқа өтейді.

16. Мердігер Нысанда жұмыс өндірісін жүргізу кезінде техника қауіпсіздігіне толығымен жауапты болады.

17. Мердігер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, автомобиль жолдарын пайдаланушыларға келтірілген шығындармен бірге Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің себебінен туындаған жол жағдайлары жол-көлік оқиғасы салдарынан келтірілген шығындар үшін толығымен жауапты болады.

18. Кез келген Учаскеден табылған тарихи немесе басқа да құндылықтары бар олжалар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады. Мердігер Тапсырыс берушіге мұндай олжалар туралы хабарлауға тиіс және Тапсырыс берушіге кесім бойынша өткізеді.

19. Тапсырыс беруші Мердігерге Келісім-шарт бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған барлық Учаскені пайдалануға рұқсат етеді.

20. Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы және/немесе Инженер,оның уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ жобалық-сметалық құжаттаманы жасаушылар Учаскеге немесе Келісім-шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа орынға әрқашан қол жетімді болады.

21. Тапсырыс беруші немесе Мердігер Келісім-шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдесінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

22. Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғаннан 21 (жиырма бір) күн ішінде Келісім-шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Мердігер бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуі мүмкін.

23. Егер мердігер Келісім-шарттық құжаттардың талаптарын бұзып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер смета құжаттамасына сәйкес жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болып шықса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Мердігерге жұмыстарды тұтастай немесе тоқтап қалу себептерін жойғанға дейін жұмыстардың бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

24. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және Тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күн ішінде жазбаша немесе іс-әрекеттерімен жауап бермесе Тапсырыс беруші көрсетілген 7 (жеті) күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер Мердігер келесі 7 (жеті) күн мерзім ішінде көрсетілген Ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, Тапсырыс беруші өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда негізінде Мердігер төленуі тиіс болған сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген Ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер Мердігерге төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге өз қаражатынан төлеуге міндетті.

25. Мердігер шартқа жасасқан күннен бастап шарттың жалпы сомасынан 3 (үш) пайызы мөлшерінде **10 (он) жұмыс күні ішінде** мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өзімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақытылы, толық және тиісті түрде орындайтынына кепілдік ретінде енгізеді.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

- Тапсырыс берушінің мынадай банктік шотына: **«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ, ЖСК KZ450705034853505001, БСК KKMFKZ2A, шот валютасы: KZT.**

- банктік кепілдікті таңдауға құқылы.

25-1. Келісім-шартқа қол қойғаннан кейінгі **10 (он) күнтізбелік күн ішінде** Мердігер Тапсырыс берушіге Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі баяндалған жұмыс өндірісі кестесін және нысанға арнайы техникалар мен жабдықтарды жұмылдыру кестесін бекітуге ұсынады.

26. Тапсырыс беруші форс-мажорлық жағдайлар немесе ауытқушылықтар болған жағдайда, жұмыстарды орындау барысында және қосымша мерзімді қажет ететін Ақаулар анықталған жағдайда, тиісті қосымша мерзімді талап ету арқылы, жұмысты орындау мерзімін ұзартады. Бұл туралы Мердігер Тапсырыс берушіге азаматтық заңнамаларда қарастырылған рәсімдерге сәйкес жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

27. Мердігер барлық мүмкіндіктері мен білімін қолдана отырып, жұмысқа бағыт беруге және бақылауға міндетті. Мердігер құралдарға, әдістерге, техникаларға, жұмыстың орындалу сапасы мен жүйелілігіне бақылау жүргізеді және толық жауапкершілікте болады., сондай-ақ Келісім-шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады.

28. Мердігер өз қызметкерлерінің, Қосалқы мердігерлердің қызметкерлерімен сенім білдірілген адамдарының, сондай-ақ Мердігермен шарт негізінде Келісім-шарттар шеңберіндегі жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да адамдардың іс-әрекеттері мен кемшіліктері үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

29. Тапсырыс беруші және/немесе Инженер жұмысты немесе конструкцияны сынақтан өткізуге құқылы. Егер сынақ өткізгеннен кейін, тексерілген жұмыста немесе конструкцияда ақаулар анықталса, Мердігер анықталған ақауды жойып немесе конструкцияны ауыстыру қажет.

30. Тапсырыс беруші және/немесе Инженер анықталған ақаулар мен жою мерзімін көрсетіп, Мердігерді жазбаша түрде ескертеді.

31. Ақаулар жөнінде ескертпе алғаннан кейін Мердігер, Тапсырыс беруші және/немесе Инженер анықталған ақаулар мен жою мерзімінің ішінде жою қажет.

32. Келісім-шарт бойынша ақы төлеу қаржы жоспарына сәйкес, бюджет қаржысының түсіміне орай орындалған жұмыстар актісін ұсынғаннан соң Келісім-шартта көрсетілген Мердігердің ағымдағы банктік есеп шотына ақша аудару жолымен жүргізіледі.

Осы Шарт бойынша соңғы төлемдер, Мердігерге Тапсырыс беруші тарапынан 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін жүргізіледі.

33. Алдыңғы төлемге қажетті құжаттар: тиісті түрде рәсімделген және қол қойылған орындалған жұмыс Кесімі.

Орындалған жұмыс Кесімінің нысаны Тапсырыс берушімен анықталады. Орындалған жұмыс Кесіміне Тапсырыс берушінің, Инженердің және Мердігердің уәкілетті өкілдері қол қойып, мөрмен бекітіледі.

Ай сайынғы орындалған жұмыстарды қабылдау-өткізу 2014 жылғы және әр айдың 20 (жиырмасы) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

34. Жұмыстарды қабылдау кезінде Мердігер Тапсырыс берушіні және/немесе Инженерді және/немесе жұмысшы комиссиясы және/немесе мемлекеттік қабылдау комиссиясы мүшелерін жұмыс өндірісі орнына шығу үшін автокөлік құралдарымен, үй-жаймен, сондай-ақ Келісім-шарт бойынша жұмыстарды қабылдауға қажетті материалдармен және ақпараттармен қамтамасыз етуге міндетті.

35. Тапсырыс беруші ай сайын әр бір жұмыстардың қабылданған көлемінің сомасынан бұрын төленген авнсты барабар ұстап қалады.

Ақы төлеу тұтастай алғанда шарттың жалпы сомасының тоқсан бес пайызы шегінде жүргізіледі. Орындалған жұмыстар үшін тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы түпкілікті есеп айырысу жұмыстарды аяқтағаннан және тапсырыс беруші аумақтық қазынашылық бөлімшесіне оны пайдалануға беру туралы мемлекеттік комиссиясының бекітілген актісін бергеннен кейін жүргізіледі.

36. Мердігер орындаған жұмыстардың сомасынан ай сайын Тапсырыс беруші барлық жұмыстар орындалғаннан және шалағайлықтар мен ақаулар тізбесін жойғаннан кейін, Мердігердің Тапсырыс берушіге тиісті түрде рәсімделген және қол қойылған Нысанды пайдалануға қабылдау Кесімінен кейін, Мердігерге төленетін орындалған жұмыстар құнының **5%-ын ұстап қалады** (бұдан әрі - Түпкілікті ақы төлеу).

37. Келесі жағдайлар жұмыс мерзімінің ұзақтығына өзгерістер енгізуге әкеліп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Нысанның барлық учаскесін пайдалануға рұқсат етпей, жұмыстың орындалуын кешіктіреді. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші осы Келісім-шарт бойынша жұмыстың орындалу мерзімін ұзартуға міндетті;

2) Тапсырыс беруші Келісім-шартта жоспарланбаған сынақ өткізу үшін, жұмысты тоқтатуға Мердігерге нұсқау береді. Бұл жағдайда егер берілген сынақтар қандай да бір Ақауларды көрсетпесе, онда сынақты өткізу үшін тоқтатылған уақыт, жұмысты орындау Келісім-шарттың мерзіміне қосылады;

3) алдын ала төлем кідіртіледі;

4) Нысанда бірнеше Мердігер болған жағдайда, Тапсырыс берушінің басқа Мердігерлер үшін түзген жұмыс Кестесі Мердігердің осы Келісім-шарт бойынша өзінің жұмысын орындау мерзіміне кері әсерін тигізеді.

38. Мердігер жұмыстарды Шарт бойынша бекітілген жұмыс өндірісі кестесіндегі мерзімде орындайды.

Жұмыстар Мердігердің қарауында орындалады: оның материалдарымен, оның құралдары мен күштерімен.

Жұмыстың басталу күні болып Шарттың заңды күшіне енген күні есептеледі.

Жұмыстың аяқталу күні болып Мердігердің Тапсырыс берушіге тиісті түрде рәсімделген және сәйкесінше барлық комиссия мүшелері Нысанды пайдалануға түпкілікті қабылдау Кесіміне (Жұмыс қабылдау Кесімі) қол қойған күн есептеледі.

39. Келісім-шарттағы барлық жұмыстар атқарылғаннан соң, Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстар толық атқарылғаны жөнінде ескерту қажет. Тапсырыс беруші жеті күннен кешікпей Келісім-шарттағы жұмыстардың аяқталғанын сараптайтын комиссия құру қажет (жұмысшы комиссия).

Жұмысшы комиссия Мердігердің қатысуымен өтеді (қосалқы мердігер болса, қосалқы мердігердің қатысуымен).

Жұмысшы комиссия атқарылмаған жұмыстар тізімін және оларды жою мерзімін көрсетеді. Нысандағы анықтаған барлық атқарылмаған жұмыстардың жоюлуына дерек ретінде, нысанды пайдалануға қабылдау актісі болып есептеледі.

40. Мердігер Тапсырыс берушіге Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындауға пайдлананып берілетін материалдар мен жабдықтардың жақсы сапада және техникалық ерекшеліктерге сәйкес болуына, жұмыстың ешқандай ақаусыз, оның сапасы талапқа сәйкес емес деңгейге дейін төмендетілмей орындалатынына кепілдік береді. Техникалық ерекшеліктердің осы талаптарына жауап бермейтін, оның ішінде жеткіліксіз дәлелденген және рұқсат етілмеген өзгертулер енгізілген жұмыс ақаулы деп саналады. Тапсырыс берушінің және/немесе Инженердің талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасына куәлік беретін құжаттарды, оның ішінде зертханалық (лабораториялық) қорытындыны ұсынуы тиіс.

Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстың сапасына және Нысанды пайдалану мерзімі үшін 12 **(он екі айға) айға кепілдік береді.** Кепілдік мерзімі Нысанды пайдалануға түпкілікті қабылдау Кесімінің уақытынан бастап есептеледі.

Кепілдік мерзімі ішінде Мердігер өз есебінен қалыпты пайдалану нәтижесінде пайда болған Нысанның барлық кемшіліктері мен ақаулықтарын жоюға міндеттенеді. Мердігер мұндай ақаулықтар мен кемшіліктерді Тапсырыс беруші және/немесе Инженер көрсеткен мерзімде жояды.

41. Тапсырыс беруші немесе Мердігер Келісім-шартты Келісім-шартта көрсетілген мерзімге дейін егер басқа тарап Келісім-шартта көзделген қағидаттарды талаптардан айыратын едәуір бұзушылық жасаған болса, бір жақты тәртіпте бұза алады.

42. Келісім-шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ төменде аталғандармен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер жұмыс өндірісі Кестесімен бекітілген жұмыс орындау мерзімін бірнеше рет бұзса;

2) Тапсырыс берушінің жұмысты тоқтату шарасын қолданбай, Мердігер жұмыстарды 10 күнге тоқтатса;

3) Мердігер Тапсырыс берушімен және/немесе Инженермен белгіленіп, негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші және/немесе Инженер көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге жұмысты жүргізу қарқынын төмендету туралы нұсқау береді және мұндай нұсқау 30 (отыз) күнтізбелік күн бойына өзгермейді;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта құрылуын немесе бірлесуін қоспаған жағдайда, банкроттыққа ұшыраған немесе қандай да бір себептермен таратылған болса;

6) Тапсырыс беруші Мердігерге Инженер және Тапсырыс беруші растаған соманы, сома бекітілген келесі күннен бастап 60 (алпыс) күнде төленбесе; Сома Жұмыстарды орындау Кесімімен расталады.

7) Мердігер шарттық және жобалық-сметалық (сметалық) құжаттамаларда көрсетілген нұсқаулықтар мен ережелерді, жұмыс өнідірісі ескермесе;

8) Мердігер Шарт бойынша қосалқы мердігерлікке жұмыс көлемінің үштен екі жиынтығын беруге рұқсат етсе;

9) Мердігер жұмыс орындауға Қосалқы Мердігерді Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз жіберсе.

43. Егер Келісім-шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Нысанды консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

44. Егер Шарт Мердігердің Шартт едәуір бұзуы себебінен бұзылса, Тапсырыс беруші жаңа Мердігер таңдауға Тапсырыс берушіден кететін шығындарын шегеріп, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Шартты бұзумен байланысты Тапсырыс берушінің алдын ала төлемнің, айыппұл санкциясын, тұрақсыздық айыбын және шығындары Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырмасы Мердігердің Тапсырыс берушінің сәйкес төлем талабы ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жататын борышты құрайды.

45. Тапсырыс беруші Шартты кез келген уақытта оны ары қарай орындау тиімсіздігіне және оның ішінде, бірақ шектеусіз: қаржыландырудың болмауы және/немесе қаржыландырудың қысқартылуы себебі бойынша, Мердігерге жазбаша хабарлама жібере отырып, бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі. Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады.

Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Нысаннан машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Нысанды консервациялау құнын төлейді.

46. Келісім-шарт осындай жағдайлармен күшін жоятын болса, Мердігер Келісім-шарт бойынша бұзуға

байланысты бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы.

47. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында қарастырылған шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге Заңда қарастырылмаған ықпал етулер көрсетсе;

Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Нысанды консервациялауды және жіберу-қабылдау кесімі бойынша оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

48. Егер Шарт Мердігердің Шарттағы талаптарды орындамау себебінен бұзылса, Нысандағы барлық материалдар мен Жабдықтар, сондай-ақ Уақытша имараттар және орындалған жұмыстар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады және Шартты бұзумен байланысты қаржыландыру мәселесі реттелгенше, оның өкімінде болады.

49. Егер Тапсырыс беруші немесе Мердігер бақылай алмайтын дүлей апаттар, әскери іс-қимылдар, қандай бір басқа да форс-мажорлық оқиғалар салдарынан Шарттың орындалуы бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарламаны алғаннан кейін қысқа мерзімде Нысанды консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтады. Тапсырыс беруші Мердігерге Нысандағы жұмыстарды тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін төлемақы жасайды.

50. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, гимараттарды, зат қоймаларын және жылжитын және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай), басқа да себептерден қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендермен байланысты, Мердігерге келтірілген барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

Тапсырыс беруші Мердігердің жұмысына жоғарыдағы мазмұндағы себептер бойынша олар толық аяқтағанға және қабылдағанға дейін келтірілген қандай да бір зиян немесе қандай да бір залал үшін жауап бермейді және Мердігер қосымша өтемсіз жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде келтірілген қандай да бір зиян және басқа да ақауларды түзеуді жүзеге асырады.

51. Мердігермен Нысанға жеткізілуге тиіс барлық материалдары мен жабдықтарды жеткізіп беру, тасымалдау, тиеу және сақтауды ұйымдастыру үшін Мердігер жауапты болады. Жеткізіп беру тек қана Мердігермен жүзеге асырылады. Жеткізіп беру тек қана Мердігермен жүзеге асырылады. Ешқандай жағдайда Тапсырыс беруші жеткізуге, көлік құралдарының тоқтап тұруына ақы төлеуге, сақтауға, өңдеуге байланысты шығындар үшін жауап беруге тиіс емес. Ешқандай да жеткізіп беру Тапсырыс берушінің атына жіберілмейді.

52. Мердігер аумақтың тазалығын сақтау қажет. Мердігер құрылыс қоқысын тез арада және жедел ретке келтіруге міндетті.

53. Егер Мердігер аумақты тазалықты Шарт талап ететіндей сақтай алмаса, онда Тапсырыс беруші ол жұмысты өзі атқаруы мүмкін (бірақ міндетті емес), барлық шығындар Мердігер есебінен төленеді.

54. Келісім-шарттағы барлық жұмыстар атқарылғаннан соң, Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстар толық атқарылғаны жөнінде ескерту қажет. Тапсырыс беруші жеті күннен кешікпей Шарттағы жұмыстардың аяқталғанын сараптайтын комиссия құру қажет (жұмысшы комиссия).

55. Жұмысшы комиссиясы Мердігердің қатысуымен өтеді.

56. Жұмысшы комиссия атқарылмаған жұмыстар тізімін және оларды жою мерзімін көрсетеді. Нысандағы анықтаған барлық атқарылмаған жұмыстардың жойылуына дерек ретінде, нысанды пайдалануға қабылдау кесімі болып растайды.

57. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Мердігерге орындалған жұмыс көлемі үшін осы Шартта айтылған соманы төлеуді міндеттенеді.

58. Егер де өнім берушінің Шарттағы міндеттемелерді орындаудан бас тартса немесе келісім-шарт өнім беруші тарапынан бұзылса, өнім беруші тапсырыс берушіге келісім-шарттағы жалпы соманың 10% айыппұлын (штраф) төлейді.

Егер жарым-жартылай немесе толығымен жұмыс орындалмаса, өнім беруші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем (егер де ол төленген болса) арқылы төленген соманы 5 (бес) күн ішінде, Тапсырыс беруші талап еткен күннен бастап жалпы алдын ала төлем сомасының бөлігін және орындалған жұмыс ақысын қайтарып беруі тиіс.

Егер өнім беруші Шартта көрсетілгендей 5 (бес) күн ішінде төленген алдын ала төлем сомасын қайтармаса, Мердігер Тапсырыс берушіге әр қайтарылмаған күн аванс суммасының 0,1% көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Алдын ала төлем міндеттемелерін қайтару Шарттың мерзімімен белгіленбейді.

59. Егер өнім берушімен жұмыс кестесінде көзделген жұмыстар өз уақытында орындалмайтын болса, әрбір өткен күні үшін орындалмаған жұмыс көлемінен 1% көлемінде айыппұл төлейді.

60. Жұмыстың сапасын бұзғаны үшін оған қоса, бірақ онымен шектелмей: сметалық құжаттамаларды

қабылдамау, Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы техникалық нормалар мен ережелерді бұзу, жұмыста техникалық ережелер мен нормаларға сәйкес келмейтін сапа мен пайдалануға ұсынылған материалдар мен жабдықтарды, бұрын қолданылған материалдарды пайдаланғаны үшін – Мердігер Тапсырыс берушіге сапасыз жасалған жұмыстың әрбір кешіктірілген күнінің бағасының 1 % көлемінде айыппұл төлейді.

Осы тармақта көрсетілген айыппұл сапасыз орындалған жұмысты қайта қалпына келтірген күннен (қайта жасау) есептеледі. Мердігермен, Тапсырыс берушімен, және Инженермен қол қойылған сапасыз орындалған жұмыстарды жою Кесімімен расталған жою фактісі болуы керек.

61. Нысандағы шалалықтар мен ақаулықтарды жою Нысанда кемшіліктер мен ақаулықтар кепілді мерзім ішінде анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кепілді мерзіміндегі жылдарға байланысты Нысанда пайда болған кемшіліктер мен ақаулықтар көлеміне қарай, атап айтқанда: Тапсырыс берушінің және/немесе Инженердің қолданыстағы нормативтік және техникалық шарттар негізінде есептеген, көрсетілген кемшіліктер мен ақаулықтарын жою үшін қажетті жұмыстар мен тауарлардың құнынан бірінші жылы 20%, екінші жылы 15%, келесі жылдарда 10% тұрақсыздық төлемін төлейді.

Егер Мердігер Тапсырыс беруші және/немесе Инженер көрсеткен мерзімде кемшіліктер мен ақаулықтарды жоймаған жағдайда, онда тұрақсыздық төлемі Келісім-шарттың жалпы құнынан 5% мөлшерінде төленеді.

62. Шарт бойынша Мердігер міндеттемелерін бұзғаны үшін жұмыс өндірісі сапасы, кестесіне қатысты міндеттемелерін және кепілдік кезеңі ішіндегі міндеттемелерін қоспағанда, Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір жоңсіздік үшін Шарттың бағасының 0,1% көлемінде айыппұл төлейді.

63. Шартта қаралған айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбын Мердігер Мердігерге Тапсырыс берушіден айыппұл мен тұрақсыздық айыбын төлеу талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлеуі тиіс. Мердігер Тапсырыс берушіге осы тармақта қарастырылған төлемнің жүргізілгендігін растайтын төлем құжаттарын ұсынуы керек.

Тапсырыс беруші Шарттың Бағасынан айыппұл мен тұрақсыздық айыбын шегеруге және Мердігердің келесі төлемдерін айыппұл мен тұрақсыздық айыбынан алып тастауға құқылы.

64. Мердігер Шартқа отырған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы Шарттың жалпы сомасының үш пайызы көлемінде Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті. Мердігер мемлекеттік сатып алу туралы Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің келесі түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) Шартта көрсетілген Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банктік кепілдеме.

65.Мердігер мекемеге конкурстық тасырысқа сай жергілікті қамтуды қамтамасыз етуге міндеттенеді (егер бар болған жағдайда), және тапсырыс берушінің талабына сай жұмыс қызмет және тауар бойынша жергілікті қамту туралы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

66. Шарт Нысанды пайдаланудың кепілдік кезеңі және Мердігермен орындалған жұмыс сапасының кепілдік кезеңі ішінде барлық күшін сақтайды.

67. Келісім-шарт Тапсырыс беруші казнашылық органдарында тіркегеннен және Мердігер Келісім-шартты орындауды қамтамасыз еткеннен кейін күшіне енеді және Келісім-шарттың Бағасының төлем талаптарына және жұмыстарды орындау мерзіміне қатысты 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

«Тапсырыс беруші»	«Мердігер»
«Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі	« СБМ И Компания » ЖШС-і
ОҚО Сарыағаш қаласы Исмайлов көшесі н/с үй.	ОҚО Сарыағаш қаласы, Театральная көшесі 12,
БСН 131140004528	БСН 020540005428
БИК KKMFKZ2A	БИК KCJBKZKX
ЖСК KZ39070103KSN5812000	ЖСК KZ488560000006564089
Мекеме коды 4853505	
Сарыағаш аудандық қазынашылық басқармасы	«Банк ЦентрКредит » АҚ-ы
Бөлім бастығы _____ Ғ.Бижанов	Директор _____ Сыдыкова Б.М.
М.О.	М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы
15 қазан №1328 қаулысымен
бекітілген Нысан

Қабылдау коммиссиясының актісі

Сарыағаш қаласы

2014 жылғы 10 қазандағы №119 хаты негізінде Қабланбек ауылдық округі, Қанағат елді мекеніндегі, Ынтымақ көшесінің ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталуына байланысты қабылдау комиссиясының құрамы:

Бижанов Ғабит Орынбасарулы -	Ауданнын жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы (комиссия төрағасы)
Әлмеш Нүркен Серікұлы -	Ауданнын жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы (комиссия төрағасының орынбасары)

Комиссия мүшелері

Ахметов Мурат	- Ауданнын жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің статист маманы
Сулейменов Жәнібек	- Аудандык мәслихаттын депутаты (келісімі бойынша)
Сыдыкова Бекзада	- «СБМ и Компания» ЖШС-нің директоры
Тұрсынбаев Қанат	- Кабланбек ауылдык округінің әкімі (келісімі бойынша)
Төре Ерболат	- «Ер-Гарант-инжиниринг» ЖШС-нің директоры (келісімі бойынша)
Мусаев Алмасхан	- «Легион -ЮГ» ЖШС-нің директоры

- Ауданның жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы, (комиссия төрағасы)

  Бижанов Ғабит Орынбасарулы -

- Ауданның жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы (комиссия төрағасының орынбасары)

  Әлмеш Нүркен Серікұлы -

- Ауданның жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің статист маманы

  Ахметов Мурат

- Аудандық мәслихаттың депутаты (келісімі бойынша)

  Сулейменов Жәнібек

- «СБМ и Компания» ЖШС-нің директоры

  Сыдыкова Бекзада

- Қабланбек ауылдық округінің әкімі (келісімі бойынша)

  Тұрсынбаев Қанат

- «Ер-Гарант-инжиниринг» ЖШС-нің директоры (келісімі бойынша)

  Төре Ерболат

- «Легион -ЮГ» ЖШС-нің директоры

  Мусаев Алмасхан

Келісім парағы

Сулейменов Жәнібек		- Аудандық мәслихаттың депутаты (келісімі бойынша)
Сыдыкова Бекзада		- «СБМ и Компания» ЖШС-нің директоры
Тұрсынбаев Қанат		- Қабланбек ауылдық округінің әкімі (келісімі бойынша)
Төре Ерболат		- «Ер-Гарант-инжиниринг» ЖШС-нің директоры (келісімі бойынша)
Мусаев Алмасхан		- «Легион -ЮГ» ЖШС-нің директоры

Форма 3

Заказчик : ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог Сарыагашского района»

Подрядчик : ТОО"СБМ и Компания"

Наименование работ :Текущий ремонт дорожного покрытия улицы Ынтымак в н/п Канагат с/о Капланбек Сарыагашского района ЮКО

Договора № 61 от 04 июль 2014 года.

Общая стоимость работ по договору - 2 118 771,20 тенге

СПРАВКА

о стоимости выполненных работ и затрат за июль месяц 2014 года

Код	Код	Договор		Источник финансирования		Организационно-правовая форма	
заказчика	подрядчика	номер	дата	наименование	код	наименование	код
4853505	12993	61	04.07.2014г.	бюджетные средства	1	ТОО	17

Наименование пусковых комплексов, объектов, комплексов работ	Стоимость выполненных работ и затрат, тенге									
	С начала года по отчетной месяц включительно с НДС	за отчетный месяц без НДС	из графы 1						НДС в текущем месяце	Всего к оплате
			строительно-монтажные работы в сметном базовом уровне цен 2001г.	из них		стоимость прочих затрат, не входящих в состав СМР в сметном базовом уровне цен 2001г.	дополнительные затраты			
				в отчетном месяце	по монтажу оборудования		на приобретение материалов	другие дополнительные расходы		
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Текущий ремонт дорожного покрытия улицы Ынтымак в н/п Канагат с/о Капланбек Сарыагашского района ЮКО	2 118 771,20	1 891 760,20	818 901	818 901			-		227 011	2 118 771,20
Удержание 5%	105 938,56	94 588,01							11 351	105 938,56
Возврат 5%										
Сумма к оплате	2 012 832,64	1 797 172,19							215 660	2 012 832,64

Заказчик:

Руководитель ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог Сарыагашского района»

_____Г.Бижанов

Подрядчик:

ТОО "СБМ и Компания"

_____Сыдыкова Б.М.

Форма 2

Заказчик : ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог Сарыагашского района»

Инженер : ТОО «Ер - гарант - инжиниринг»

Подрядчик : ТОО "СБМ и Компания"

Наименование работ : Текущий ремонт дорожного покрытия улицы Ынтымак в н/п Канагат с/о Капланбек Сарыагашского района ЮКО
Договора № 61 от 04 июль 2014 года.

АКТ
приемки выполненных работ за июль месяц 2014 года

№ п/п	Шифр и номер позиции норматива	Наименование работ и затрат	Ед.из м.	Кол-во	Стоимость единицы, тенге		Общая стоимость, тенге		Накладные расходы тенге %	Затраты труда, чел. ч рабочих-строителей	
					Всего	экспл. машин	Всего	экспл. машин		рабочих, обслуживающих машин	
					ЗП рабо- чих стро- ителей	в т.ч. ЗП машинистов	ЗП рабочих строителей	в т.ч. ЗП машинистов		на единицу	всего
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
		Локальная смета 1									
1	Е0127-15-3 27-15-3	Исправление профиля оснований гравийных с добавлением нового материала до 10см	м2	6000	69,61	18,45	417650	110693	74 453	0,03	185
2	Е01101-13-2 1-13-2	Разработка грунта 2 группы а отвал экскаваторам "Драглайн" кли "Обратная лопата" с ковшом вместимостью 0,4 м3	м3	22,5	28,89	27,85	650	627	207	0,01	
3	Е0130-3-2 30-3-2	Очистка канала от наносов одноковшовыми экскаваторами емкостью 0,65 м3 в грунтах 2 группы заросший откос	м3	3,1	709	33,87	2197	105	932	1,94	6
4	Е0122-8-8 22-8-8	Укладка стальных водопроводных труб диам. 300 мм сгидравлическим испытанием	км	0,05	204 666,79	85907,16	10233	4295	8 340	504	25
5	С130806-114 8-6-	Трубы электросварные прямошовные со снятой фаской / ГОСТ 10704 - 91/ изстали БСт2кп-БСт4кп 325х8 мм	м	50	4 697,00		234850				
6	Е0130-78-3 30-78-3	Устройство гидроляции обмазочной битумной мастикой двухслойной	м2	51	332,80	13,7	16973	699	5 996	0,61	31
7	Е0101-27-5 1-27-5	Засыпка траншей и котлованов бульдозерами мощностью 79 (106) кВт (л.с.), приперемещении грунтов 2 группы до 5 м	м3	15	3,35	3,35	50	50	17		
		Итого по разделу 1	тенге				**682 603**		**89 945**		
		Итого приямых затрат	тенге				682 603				
		Накладные расходы:	тенге				89 945				
		Итого:	тенге				**772 548**				
		Ненормируемые и непредвиденные затарты (6%)	тенге				46 353				
		Итого:	тенге				**818 901**				
		Временные здания и сооружения (5%) К=0,8	тенге								
		Итого:	тенге				**818 901**				
		Затраты на производтво стройтенльно- монтажных работ в зимнее время (1,61%)	тенге								
		Единовременное вознаграждение за выслугу лет (1%)	тенге				8 189				

		На оплату дополнительных отпусков (0,4%)	тенге				3 276				
		Итого:	тенге				**830 366**				
		Итого текущих ценах 2014 года (К= 2,23355)	тенге				**1 854 664**				
		Налоги и сборы, обязательные платежи (2%)	тенге				37 093,20				
		Итого:	тенге				**1 891 760,20**				
		НДС (12%)	тенге				227 011,20				
		Итого по форме:	тенге				**2 118 771,20**				

Заказчик :

Статист специалист ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог Сарыагашского района»

_____ М. Ахметов

Подрядчик :

Директор ТОО "СБМ и Компания"

_____Сыдыкова Б.М.

Инженер :

Технадзор ТОО «Ер - гарант - инжиниринг»

_____Торе Е.

Форма 3

Заказчик : ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог Сарыагашского района»

Подрядчик : ТОО"СБМ и Компания"

Наименование работ :Текущий ремонт дорожного покрытия улицы Ынтымак в н/п Канагат с/о Капланбек Сарыагашского района ЮКО

Договора № 61 от 04 июль 2014 года.

Общая стоимость работ по договору - 2 118 771, 20 тенге

СПРАВКА №1

о стоимости выполненных работ и затрат за октябрь месяц 2014 года

Код	Код	Договор		Источник финансирования		Организационно-правовая форма	
заказчика	подрядчика	номер	дата	наименование	код	наименование	код
4853505	12993	61	04.07.2014г.	бюджетные средства	1	ТОО	17

Наименование пусковых комплексов, объектов, комплексов работ	Стоимость выполненных работ и затрат, тенге									
	С начала года по отчетной месяц включительно с НДС	за отчетный месяц без НДС	из графы 1						НДС в текущем месяце	Всего к оплате
			строительно-монтажные работы в сметном базовом уровне цен 2001г.	из них		стоимость прочих затрат, не входящих в состав СМР в сметном базовом уровне цен 2001г.	дополнительные затраты			
				в отчетном месяце	по монтажу оборудования		на приобретение материалов	другие дополнительные расходы		
А	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Текущий ремонт дорожного покрытия улицы Ынтымак в н/п Канагат с/о Капланбек Сарыагашского района ЮКО	2 118 771,20	1 891 760,20					-		227 011,20	2 118 771,20
Удержание 5%	105 938,56	94 588,01							11 350,56	105 938,56
Возврат 5%	105 938,56	94 588,01							11 350,56	105 938,56
Сумма к оплате	**105 938,56**	**94 588,01**							11 350,56	**105 938,56**

Заказчик:

Руководитель ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог Сарыагашского района»

_____ Г.Бижанов

Подрядчик:

Директор ТОО "СБМ и Компания"

_____ Сыдыкова Б.М.

Счет-фактура № 0000000012 от 31 июля 2014 г.

Поставщик: Товарищество с ограниченной ответственностью "СБМ и Компания"

БИН и адрес места нахождения поставщика: БИН: 020540005428, Республика Казахстан, ЮКО, г. Сарыагаш, ул. Театральная 12,Свидетельство о постановке на регистрационный учет по НДС, серия 58001, № 0013455, от 07.12.2012

ИИК поставщика: KZ979650000061180235, в банке АО «ForteBank», БИК IRTYKZKA

Договор (контракт) на поставку товаров (работ, услуг): Договор №61 от 04.07.2014 г.

Условия оплаты по договору (контракту): безналичный расчет

Пункт назначения поставляемых товаров (работ, услуг):

государство, регион, область, город, район

Поставка товаров (работ,услуг) осуществлена по доверенности: авптавьпвлбарарбаролпюоплюо, выданной оьброборбробоб

Способ отправления: самовывоз

Товарно-транспортная накладная:

Грузоотправитель: БИН: 020540005428, Товарищество с ограниченной ответственностью "СБМ и Компания",Республика Казахстан, ЮКО, г. Сарыагаш, ул. Театральная 12

(БИН, наименование и адрес)

Грузополучатель: ,

(, наименование и адрес)

Получатель: ГУ "Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог Сарыагашского района"

БИН и адрес места нахождения получателя: БИН: 131140004528,

ИИК получателя: KZ450705034853505001, в банке "Комитет казначейства Министерства финансов РК", БИК KKMFKZ2A

№ п/п	Наименование товаров (работ, услуг)	Ед. изм.	Кол-во (объем)	Цена (KZT)	Стоимость товаров (работ, услуг) без НДС	НДС		Всего стоимость реализации	Акциз	
						Ставка	Сумма		Ставка	Сумма
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Средний ремонт дорожного покрытия улицы Ынтымак в н/п Капланбек Сарыагашского район ЮКО	шт	1	1 891 760,00	1 891 760,00	12%	227 011,20	2 118 771,20		
Всего по счету:					**1 891 760,00**		**227 011,20**	**2 118 771,20**		

Руководитель: Сыдыкова Б. М.

(Ф.И.О., подпись)

Главный бухгалтер: Жусипова Ш. К.

(Ф.И.О., подпись)

ВЫДАЛ (ответственное лицо поставщика)

(должность)

(Ф.И.О., подпись)

МП

Примечание: Без печати недействительно. Оригинал (первый экземпляр) - покупателю. Копия (второй экземпляр) - поставщику.